

and Amendments to Certain Decrees of the President of the Republic of Kazakhstan" <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2200000802>

7. Law of the Republic of Kazakhstan dated May 25, 2020 No 333-VI ZRK "On the Procedure for Organizing and Holding Peaceful Assemblies in the Republic of Kazakhstan"

8. Human Rights Watch reports "Kazakhstan: Repression of Critics of the Government" <https://www.hrw.org/ru/news/2021/07/06/379156>

*Салиев М.У.*

*ҚарУ мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының магистранты,  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы*

*(Ғылыми жетекші: А.И. Бирманова, Phd докторы, қауымдастырылған профессор  
ҚарУ, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы)*

## **АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Құқық қорғау – адам құқығын жүзеге асыру үрдісінің элементі. Оның мазмұны мемлекеттік, қоғамдық ұйымдардың және жеке тұлғаның тұрғысынан өзінің де адам құқығымен бостандығын жүзеге асыру процессіне үздіксіз әсер беретін заңды жағдайларды құру үшін іс қызметін, ал осы жағдай тоқталған кезде оның қалпына келтірілуін құрайды. Дүниежүзілік тәжірибеге қарағанда адам және азаматтың құқығымен бостандығын қорғау тәсілдері бойынша төмендегі негізгі топтарға бөлуге болады. Онда:

- Мемлекеттік қорғау;
- Соттық қорғау (биліктің тәуелсіз саласы ретінде сот орындары арқылы қорғау);
- Мемлекеттік емес қорғау (арбитраж, қоғамдық ұйымдар қызметі);
- Өзін өзі қорғау.

Қазақстандағы құқық қорғаудың аталмыш тәсілдеріне сай адам және азаматтың құқығымен бостандығын қорғайтын ұлттық жүйе құрылуда. Оның маңызды құрылым элементі болып биліктің мемлекеттік органдары (адам және азаматтың құқығымен бостандығының кепілдігі ретінде – Президент, Парламент, Конституциялық Сот және барлық саладағы атқарушы органдар – Үкіметтен акиматқа дейін, прокуратура органдары, құқық қорғау органдары) басты құқық қорғау институты ретіндегі сот органдары, адвокатура институты, қоғамдық мекемелер және мемлекеттік емес құқық қорғау ұйымдары [1;71].

Адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын қамтамасыз етуде халық пен халықаралық қоғам алдында негізгі жауапты тұлға мемлекет болып табылады. Сондықтан құқықты қамтамасыз ету процессіне мемлекеттік органдар жүйесі, осындай жұмыстың мазмұнымен маңыздылығын олардың тұрғысынан толық түсінуі, олардың осы саладағы іс әрекетінің жоғарғы кәсібилігі мен ұйғарымдылығы сәйкес келуі тиіс. Бұл Қазақстандағы құқық қорғау іс қызметінің қалыптасу процессінің қатысушылар арасындағы ынтымақтылықтың мәртебесі мен жалпы қоғамдық консенсуске жету – пайда табу және ерегесу тұрғысынан алып көргенде маңызды. Мемлекеттік биліктің барлық органдарының іс қызмет нәтижесінен, соның ішінде заң шығарушы, атқарушы және соттың билік органдары тұрғысынан орталықта және ауылдық жерде өздерінің іс қызметіне берілген мәселені реттеуінен адам мен азаматтың құқығымен бостандығы жүзеге асырылады. Биліктің барлық саласындағы мемлекеттік орындарын, сот және құқық қорғау органдарын қайта құруы осындай институциональдық құрылуды жаңа конституцияның артықшылығына сәйкес келтірумен іске қосылды.

Азаматтың құқығы мен бостандығын қорғау – мемлекеттік билік органдарының, әсіресе атқарушы органдардың ерекше міндеті. Ол осы орындардың құқық мәртебесін бекітетін барлық нормативтік актілерде белгіленген. Осылайша Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы» заңында мемлекеттік қызметтің қағидалары ретінде

мемлекеттің мүддесі алдындағы азаматтардың құқығы, бостандығы және заңды мүддесі басымдылығы айқындалған.

Егер қоғамдық тәртіп, қоғамдық қауіпсіздік және басқарушылықты қорғауы, яғни экономика, қаржы, білім, мәдинет саласын басқаруы тұрғыдан халық көпшілікке жаппай қызмет көрсету міндеті болып табылады. Ал адамның құқығы мен бостандығын қорғау міндеті әрбір адаммен азаматқа жекелей мән беру негізін де атқару билік арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік билік азаматтардың құқығы мен бостандығын іске асыру адам құқығына кепіл үшін институттар, механизмдердің және ережелердің сәйкестірілген жүйесіне сай келуі тиіс. Ешбір құқықтық мемлекет адам құқығына кепілдік ететін орындардың және ережелердің жүйесінсіз тұрмыс кешуі екі талай. Сол себептен адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі барлық мемлекеттік институттардың іс қызметінің мүмкіндігі мен нәтижесін көтеру керек. Мемлекеттік дәрежеде адамның құқық мәселесін шешуге өзінің шыдамдылығын және мүмкіндіктілігін іс жүзінде көрсеткен институттардың құқықтық дәрежесін кеңейту, олардың (Конституциялық Сот, Жоғарғы сот және тағы басқалары) шешімдерінің заңдылық күшін арттыру қажет.

Демократиялық өзгерістерге эволюция көзқарас ұстанумен бірге қазақстандықтардың мінез құлық ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекет тұрғысынан Қазақстандағы адам құқығын қорғау өкілетті институтын құруға асықпады, бірақта заң базасымен саяси жүйені жаңалауға, халықпен елдің қоғамдық пікірінің және құқықтық ой санасының біртіндеп өзгеруіне талпынысын бағыттады. Сондықтан Қазақстан ең алдымен адам құқығы жөніндегі кеңес құруды мейлінше қабылдады. Мұнысы өкілет институтын енгізу үшін қажетті құқықтық және қоғамдық жағдайларды қалыптастыруға маңызды болды.

Бұл мемлекеттік биліктің жүйесіндегі алғашқы құқық қорғау институты болғандықтан оның міндеттеріне мемлекеттік саясатты қалыптастыру және адам құқығы саласындағы саяси технологияны құру, Қазақстандағы адам құқығымен бостандығын сақтау туралы баяндама дайындау, адам құқығымен бостандығы саласындағы мониторингін іске асыру, қазақстан қоғамындағы олардың бұзылу себептеріне жан-жақты талдау жасау, қайшылықтарды жою механизмдерімен тәсілдерді нұсқалау сияқтылар жатады. Кеңес тұрғысынан Қазақстан қоғамын жаңарту кезеңінде адам құқығымен бостандығын қорғау ерекшеліктерін, биліктің мемлекеттік органдарымен және мемлекеттік емес құқық қорғау ұйымдарымен ынтымақтасып жұмыс істеудің стратегиясымен тактикасын, халықаралық құқық қорғау институттармен байланыс ұстауды айқындауға тиісті. Ол ағарту жұмыстарын ұйымдастыру арқылы адам құқығы туралы халық көпшілікке ақпарат беруге міндетті. Сонымен бұл комиссия адам құқығымен бостандығы саласындағы мемлекеттің саясатын құратын негізгі институттардың бірі болып табылады.

Барлық мемлекеттік, соның ішінде сот және құқық қорғау органдарының құқық қорғау іс қызметін жан-жақты және объектив зерттеуде негізгі бағыттарды біріктіруі, және адам құқығы саласындағы маңызды саяси технологияны құру үшін нақты, деректі ой-пікірлерді мемлекет басшысына ұсынуы аса маңызды. Осы мақсатпен Кеңес жанында беделді ғалымдар-заңгерлерден, үкіметтік емес құқық қорғау ұйымдарының өкілдерінен Сарапшылар Кеңесі құрылды. Адам құқығы жөніндегі Кеңестің құрылуына техникалық көмекті 1998 жылдың ақпанның 5-күні қол қойылған БҰҰ-ның «Қазақстан Республикасындағы адам құқығы жөніндегі Кеңесті жетілдіру» бағдарламасының жобасы аясында Қазақстандағы БҰҰ-ның өкілдігі көрсетті. Бұл жоба халықаралық өлшемге сәйкесетін адам құқығы жөніндегі нақты ұлттық институтты құру үшін Кеңеске жан-жақты техникалық көмек көрсетуді көздеген.

Адам құқығы жөніндегі Кеңестің ұсынысы бойынша БҰҰ-ның бағдарламасы жобасының аясында 1998 жылы Астанада «Қазақстандық қоғамды жаңарту барысындағы адам құқығымен бостандығы» (Астана қаласы, 1998 жылдың шілденің 18-19 күндері) атты халықаралық конференция болып өтті. Конференцияға қатысқан 124 адамның 33-і Президент Әкімшілігінің және оның бөлімдерінің басшылары, министрлік және ведомства басшылары,

Парламент мүшелері, адам құқығы жөніндегі Кеңестің мүшелері, Астана қаласы мен Ақмола облысы әкімінің өкілдері; 31 – мемлекеттік емес қоғамдық ұйымдардың басшылары; 14 – ғылым және оқу орындарының басшылары мен өкілдері; 35 – тілшілер; 11 – халықаралық ұйымдардың өкілдері, халықаралық сарапшылар белсенді ат салысты [2;299].

Конференцияны өткізу жайы және оған қатысушылардың құрамы жағынан қарағанда құқық қорғау мәселесі тек ғана мемлекеттік емес ұйымдардың шеңберімен шектелмей мемлекеттік органдардың да құзырына жетіп, адам құқығымен бостандығына қатынасты мәселеге қоғамның саяси жүйесінің басым бөлігінің санатында болып, көлемді талқыланатын мәселенің бірі бола бастады.

Қызу пікір таласта қазақстанда үздік демократия процессін жаңарту, соның ішінде адамның құқығы және бостандығын бекіту күрделі де демократияландыруда алға басатын процесс екендігі танылды. Халықаралық сарапшылар тұрғысынан Қазақстанда нағыз демократиялық процесс барлығын дәлелдей келе Қазақстандағы азаматтық қоғам құрылуы жасанды емес нақты жолмен жүрілуін конференцияға қатысушыларға ескертті. Бұл конференцияда осы саладағы жағымды және жағымсыз жағдайларды да атап өтті.

Сонымен қатар адам құқығы жөніндегі осы елдің ішкі заңдарына халықаралық заңдардың нақты әсерін белгілей отырып, адам құқығымен бостандығын қамтамасыз етудегі тығыз мәселелерге мән беруге де, және адам құқығы жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілер және деректі өмір шындығы арасындағы кейбір қайшылықтарға да назар аударды. Іс жүзінде сол кезде халықтың тұрмыс тіршілігінің деңгейі төмендеген, еңбек заңы, кәсіпкерлердің құқығы бұзылған, мемлекеттік қызметкерлер мен басқалардың ішінде жемқорлық және заң бұзушылық етек алған болатын. Конференцияға қатысушылар тұрғысынан еркін азаматтық қоғам құруға басты кедергі болатыны Қазақстандықтардың кең өріс алған патерналистік психология, адамдар өзінің құқығын өзі қорғауды түсінудегі жайбырақат және зілді процесс болатынын ерекше атап өтті. Адамдардың өзіндік құқық түсінбеуі деп айтты. Конференция адам құқығымен бостандығы саласындағы маңызды мақсаттарды, соның ішінде адам құқығы жөніндегі халықаралық конвенцияға Қазақстанның қосылуын; адам құқығымен бостандығын қорғау жөніндегі мемлекеттік органдардың ұлттық ұйымдарының шыдамдылық және табандылық деңгейін арттыруын айқындады. Мұнда осы тұрғыдағы институттардың іс қызметін жаңартуға және күшейтуге; адамның құқығымен бостандығын қорғау және бағалау бойынша жеткілікті құқықты жаңа ұлттық институттарды құруға; адам құқығымен бостандығын қорғау мәселесі бойынша жоғарғы мемлекеттік органдармен мемлекеттік емес ұйымдардың тұрақты бірлесіп жұмыс істеу практикасын кеңейтуге; және адам құқығымен бостандығы саласындағы халықаралық құқықтық құжаттарды және Қазақстан Республикасының заңдарын жетілдіру жұмыстары арқылы тұрақты жүргізу нәтижесінде құқықтық ой сананы өсіруге ерекше назар аударылды. Бір сөзбен айтқанда Конференция тұрғысынан алдағы кезеңдегі Кеңестің негізгі бағыттарын және мақсаттарын анықтады.

Халықаралық сарапшылардың қатысуымен семинар, конференция, тренинг өткізіп тұру Кеңес аппаратының мүшелерімен қызметкерлерінің білімін және мамандығын жоғарлатуға әсерін береді. Кеңес пен мемлекеттік органдардың арасындағы бірлесіп жұмыс жүргізудегі құқықтық реттеудегі кемшіліктер, азаматтардың арыз түсірудегі ашық механизмнің жоқтығы дұрыс бағытта жұмыс жүрілуіне кедергі беруде. Адам құқығы жөніндегі Кеңес іс қызметінің өткен жылдарында азаматтардың арыз, шағымы түсірілген мемлекеттік орындармен, және мемлекеттік емес ұйымдармен және халықаралық ұйымдармен қарым қатынас жүйесін реттеп, құқық қорғау орындардың ұлттық жүйесінде өз орнын тапты. Азаматтар тұрғысынан адам құқығы бойынша Кеңесті сот және прокуратура орындарымен тең дәрежеде қабылдап, оған жүгінетін де болды. Өкінішке орай қазір Кеңестің орны ақыл кеңес беру ұйым ретінде тұр. Сондықтан өзінің атқаруына тиісті іс қызметтерін толығынан орындайтын мүмкіндік жеткіліксіз. Сонымен қатар Кеңестің жұмыс аппараты – Хатшылық болғанда Президент Әкімшілігінің бір құрылымы болып келеді. Кеңес өзіне белгіленген жұмыс деңгейінен асып, іс қызмет атқаратын мүмкіндіксіз болғандықтан Президенттің саяси орындарының

кеңістігінде ғана қала беруде. Ал шетелдердегі мұндай құрылымдардың тәжірибесіне қарасақ олардың іс қызметінің мүмкіндігі мол, заң шығаруға кіріседі, жалпылама саясаттың әртүрлі жолдарын пайдаланады, халықтың ой пікірлерін зерттеу, мемлекеттік емес құқық қорғау ұйымдарымен, партиялармен, қозғалыстармен бірігіп тұрақты жұмыс атқарумен қатар беделді халықаралық ұйымдарда өкілді болып табылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесін реформалау мүмкіндігімен дамуына байланысты кейбір мәселелер бойынша мынадай қорытындылар келтірілді:

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесі конституциялық деңгейдегі кепілдіктерге ие болуы керек, онда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесінің сипаттамаларының және өкілеттіктерінің мәні және оны парламентте кәсіптік көпшілікпен сайлауды көздейтін тағайындаудың негізгі шарттары мазмұндалуы тиіс. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық Кеңеске жүгіну құқығына ие болуы керек.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, егер ол заң шығаруға бастамалық ету құқығына ие болса артықшылықтарға ие болмайды, сондықтан ол заңнаманы реформалау жөнінде Парламентке және Үкіметке немесе Президентке ұсыныс жіберу мүмкіндігімен шектелуі тиіс. Уәкіл заңнаманы және бекітілген құқықтық қорғау шарттары бойынша өз пікірін білдіру мүмкіндігіне ие болуы тиіс екенін ескерсек, ондай қорытындылардың міндетті күші болмауы тиіс.

Уәкіл мекемесі нығаю және даму сатысында болғандықтан Қазақстанда мамандандырылған омбудсмендер функцияларын еліміздің жалпы Уәкіл мекемесінің шеңберінде жасау қажет. Адам құқығымен бостандығын қорғау ұлттық жүйені жаңарту қажеттілігі, омбудсмен институтының аясында дүниежүзілік практиканы зерттеуі біздің елде ондай құқық қорғау органдарын құру мүмкіндігі туралы пікір сайысқа бастама болды.

Алдыңғы тарауларда біз әртүрлі елдердегі адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының пайда болу, қалыптасу және өркендеу барысын көрсетуге талпындық. Адам құқығын қорғау саласындағы негізгі халықаралық – құқықтық актілердің, жаратылыс құқығының концепциясының жағдайларын айқындап, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың кейбір тәсілдеріне, адам құқықтары жөніндегі уәкілдің іс қызметіндегі бақылау және қадағалау қатынастарының мәселелеріне және басқаларға анықтама бердік. Осы тарауда біз Қазақстан Республикасындағы адам құқықтары жөніндегі уәкілдің институтының қалыптасуы мен өркендеуіне мән беретін боламыз.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабына сәйкес «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» делінген [3]. Осы конституциялық жағдайдың өркендеуі жеке бас құқықтарының кепілдік жүзеге асыру және қорғаудың әрекетті механизмінің барына ұштасуға тиісті. Әрбір адамға барлық негізгі құқықтар мен бостандықтарды қолдану мүмкіндігі қамтамасыз етуі тиіс. Мемлекет тарапынан ең әуелі өзіндегі барлық қажетті құралдармен осы құқықтары мен бостандықтары нақты іске асуына кепілдік етеді.

Адамға деген, тұлғаның ар-ождан мәселесіне қызығушылық қазіргі қоғамдағы демократизмнің негізгі көріністерінің біріне айналды. Қазақстан Республикасында адамның бостандығын, ар-ождан және абыройын қамтамасыз ету және қорғаудың құралы, билік құрылымының жұмысындағы теріс бағыттармен күресетін құралы болып табылатын құқықтық мемлекет құру жұмысы жүріліп жатыр. Ең бастысы, біздің ойымызша, құқыққа деген құрметтіліктің қалпына келуіне, заңдылықтың қағидаларының бекітілуіне, жеке бастың құқықтарын қорғауға күш салуды топтастыру қажет. Саяси салада негізгі өзгерістерге қол жеткізу өзінің заңдық мүдделерін ұғына білетін жеке бастың демократиялық түрі және оларды іске асырудың орнықты саяси-құқықтық кепілдікке мәжбүрлігі бар екендігі орын тепкенде ғана мүмкін болады. Демократияның осы заманғы түсінігі оның ажыратылмайтын құқықты және бостандықтағы ерікті жеке басқа сүйенуінде болады. Мемлекет және оның құрылымының адам құқықтарына қатынасы – қазіргі саяси құрылысының нағыз көрсеткіші. Тиісті заңдарда орын алған жарияланған құқықтар мен

олардың нақты іске қосылуының арасы – тек ғана мақсаттарды айқындау емес, және олардың орындалуын ұйымдастыруды өзіне біріктіретін кеңістік.

Адамға, жеке бастың абыройы мәселесіне деген қызығушылық қазіргі қоғамдағы демократизмнің негізгі көрінісі болып табылады. Тәуелсіздікті алған беттен демократиялық жаңаруға бағытталған өзінің талпынысын Қазақстан Республикасы да көрсетті. Бұл бағыттағы қадамы ретінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЕҚЫҰ (ОБСЕ)-нің адам құқықтары жөніндегі демократиялық институттар бойынша Бюро арасында 1998 жылы қол қойылған өзара түсінісу туралы Меморандум еді. Ол бойынша Қазақстанда омбудсмен кеңсесін құру үшін техникалық көмек көрсету жобасы іске қосылуға тиіс болатын.

Қазақстан, дүниежүзінен қауымдастықтың толық құқылы мүшесі болып, өзінің Конституциясында адамдарды мемлекеттің жоғарғы әлеуметтік құндылығы деп жариялады, сонымен қатар адамның табиғи құқық теориясын таныды. Қазақстан Республикасы кеңес кезінде маңызды болған тұлға мүддесіне қатысты мемлекет мүдделерінің артықшылығынан бас тартты. Мемлекет барлық тиым салынбаған құралдармен құқықтар мен бостандықтардың және билікті шектеудің сыртқы механизмін шынайы жүзеге асыруын кепіл етуі қажет. Осыған сәйкес мемлекетпен мемлекеттік қызметкерлер тарапынан билікпен қиянат етуге қарсы жаңа құқық механизмдерін құру, болғандарды жетілдіру жүзеге асырылып жатыр, сондықтан да Қазақстан Республикасы үшін дүниежүзіндегі елдердің көбінде, ал XX ғасырдың 90 жылдардың ортасынан бастап, ТМД мен Балтия елдерінің (Азербайджанның, Грузияның, Молдаваның, Латвияның, Ресейдің, Украинаның, Өзбекстанның, Қырғызстанның) құқықтық жүйелерінің жетістігі болған омбудсмен институтын ұсына бастады. Мемлекеттердің омбудсмен үлгісіне байқау салуы азамат құқықтарын мемлекеттік органдар тарапынан туындайтын бұзушылықтардан қорғанысты күшейту ниетімен түсіндіріледі [4].

Тәуелсіздікті алу мезетінен Қазақстан Республикасы өзінің пейілін демократиялық түрлендіруге қалыптастырды. Бұл бағыттағы әрекеттердің бірі – (БДиПЧ) ОБСЕ – адам құқықтары мен демократиялық институттар жөніндегі Бюромен өзара түсінушілік туралы Республика Үкіметімен 1998 жылда меморандумға қол қою болды. Оған сәйкес Қазақстанда жобасын құру үшін техникалық жәрдемнің жобасы дайындалды.

2002 жылдың 19 наурызында Женевада өткен адам құқықтары жөнінде БҰҰ комитетінің 58 –ші сессиясында Қазақстан Республикасының шетел істерінің мемлекеттік министрі болған, қазіргі президентіміз Тоқаев Қ. Омбудсмен институты Қазақстанда 2002 жылдың 30 тамызында құрылатындығын айтты. Ол сөз сөйлеуде «тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын соттан тыс қорғау механизмдерінің дамуы халықаралық тәжірибиесі көптеген демократиялық мемлекеттерде, оның ішінде ТМД-да сәтті қызмет ететін адам құқықтары жөнінде уәкіл институтының қалыптасуына себеп болды» деп белгіледі. Адам құқықтарын қорғаудың ұлттық жүйесін толтыратын бұндай институт 2002 жылдың 19 қыркүйегінде Президенттің жарлығымен құрылды. Бұл қоғам демократиялануының маңызды әрекетіне айналды және халықаралық ұйымдармен байқалады. Сол уақытта ОБСЕ бұл институт толық көлемде халықаралық үлгі – қалыптарға, оның ішінде БҰҰ-ң Париждік қағидаларына сай келетінін айтты.

Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтының пайда болуына қоғам мен мемлекеттің дамуы, оны демократияландыру және елде құқық қорғау жүйесін қалыптастыру себеп болды. Жаңа мемлекеттік орган құрудың алдында осы институтты кеңінен түсіндіру, Уәкіл институтының мемлекеттік басқаруды жетілдіріге әсерін талдау мен жобалау бойынша көп жаспарлы жұмыстар атқарылды. Бұл үрдіске мемлекеттік органдардың, халықаралық ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің, БАҚ, ғылыми орта өкілдері тартылды.

Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру жөніндегі жұмысты шартты түрде мынандай төрт кезеңге бөлуге болады:

1 кезең (1995-1996жылдар). Қазақстанда Уәкіл институтын құру туралы идеяны қою және жүйелі дайындық жұмыстарының басталуы.

2 кезең (1997-2000 жылдар). Омбудсмен институтын көтермелеу бойынша алғашқы мамандандырылған іс шаралар ұйымдастыру. Адам құқықтары жөніндегі комиссия жобасын және Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі уәкіл мекемесін дамытуға жәрдемдесу жөніндегі БҰҰДБ әзірлеу және іске асыру. Қазақстанда адам құқығы жөніндегі уәкіл институтын құру жөнінде халықаралық конференциялар өткізу.

3 кезең (2001-2002 жылдар.) Жұмыс тобының Адам құқығы жөніндегі уәкіл туралы заң жобасын әзірлеуі. Заң жобасын Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік органдарында келісу.

4 кезең (2002 жылғы қыркүйек). «Қазақстан Республикасында Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметін белгілеуі туралы» Президент жарлығының шығуы [5].

1998 жылы Қазақстан Үкіметі, Президенттің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия және БҰҰ-ның Даму Бағдарламасы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның мүмкіндігін нығайту және Қазақстанда Адам құқықтары жөніндегі жобаға қол қойған соң, дайындық жұмыстары одан әрі жалғаса түсті [6;3].

Осы жобаның шеңберінде бірқатар халықаралық конференциялар мен семинарлар өткізілді, халықаралық сарапшылар мен бақылаушылардың миссиясы ұйымдастырылды, Қазақстан Үкіметі мен Парламентінің, халықаралық ұйымдардың, Қазақстандық Үкіметтік мен емес ұйымдардың өкілдерінен жұмыс топтары құрылды. 2018 жылы маусымда Астана қаласында адам құқықтары жөнінде халықаралық конференция өтті, күн тәртібіне омбудсмен мекемесін құру мәселе қойылды. Сол жылдың қыркүйек айында Қазақстанда Парламентінде халықаралық тәжірибе мен Қазақстанның ұлттық ерекшелігін ескере отырып, Қазақстанда адам құқықтары жөніндегі уәкіл институтын құру перспективаларына арналған халықаралық конференция болды. 2019 жылдың қарашасында Алматыда адам құқықтары жөніндегі ұлттық мекеме бойынша келесі ірі халықаралық конференция өтті. Орталық мемлекеттік органдардың басшылар мен өкілдері, халықаралық ұйымдардың адам құқықтары жөніндегі шетелдік мекемелердің басшылары мен өкілдері қатысқан жоғарыда аталған іс-шарлар Қазақстанда жаңа құқық қорғау институтын құру қажеттігін ортақ түсінікпен қалыптастыруға ықпалын тигізді.

Қазақстанның адам құқықтарын қамтамасыз етуде қол жеткізген процесі айқын әрі даусыз. Қазіргі кезде еліміз осы саладағы барлық негізгі халықаралық конвенциялар мен пактілерге қосылды. Конституцияда бекітілген норма және жалпы қабылданған әлемдік стандарттарға сәйкес азаматтардың құқықтарын іске асыратын және олардың сақталуын қамтамасыз ететін ұлттық заңнама дамуда және жетілдірілуде. Адам құқықтарымен байланысты ахуалдың едәуір өзгеруін халықаралық қоғамдастық таныған қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыруда белгілі бір дәрежеде ықпал ететін қоғамдық және мемлекеттік құқық қорғау институттарының белсенді қызметі айғақтайды.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Башимов М.С. Институт омбудсмена. – Астана: Foliant, 2002. - 326 с.
2. Ахметтола А.А. Основные международно-правовые акты в сфере защиты прав человека / Вестник КазНУ: серия международные отношения и международное право. – 2010. – №1. – С. 299-304.
3. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995ж. (өзгертулер мен толықтырулармен 19.09.2022ж.) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029)
4. Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі Қазақстан Республикасының үшінші кезеңдік Ұлттық баяндамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 6 қарашадағы № 831 қаулысы / <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000831>
5. Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 2022 жылғы 5 қарашадағы № 154-VII ҚРЗ. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000154>

6. Жалмухаммед Т. Общество ждет омбудсмена: в Республике Казахстан создан новый правозащитный институт // Юридическая газета. – 2013. – №3. – С.3.

*Сейдиллаев Д.*

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті заң факультеті*

*1-ші курс студенті*

*(Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Байжанова К.Т.)*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Қазақстан Республикасында әлемнің өзге мемлекеттері тәріздес қазіргі күні заң нормаларын білмеу, сол себептен оны бұзу азаматты ешқандай жауапкершіліктен босатпайды. Көп жағдайда құқық бұзушылықтар құқықтық сауаттылықтың төменділігіне байланысты туындайды. Қоғам мүшелерін құқықтық тұрғыдан тәрбиелеу, құқықтық білімді қалыптастыру және оны әрбір азаматтың қолданыстағы құқықтық құралына айналдыру мәселелеріне қатысты пікірімізді білдіре кетуді жөн санап отырмыз.

Құқықтық сана, құқықтық психология, құқықтық идеология, құқықтық мәдениет іспеттес терминдер бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық сана – адамдардың әрекеттегі құқыққа, оларды қолдануға, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына және қалаулы құқыққа қатынасын көрсететін көзқарастарының, сезімдерінің және көңіл-күйлерінің, бағаларының жиынтығы. Құқықтық сана идеалды, тікелей көрінбейтін құбылыс. Ол қоғамдық сананың үлгісі болып табылады. Құқықтық сана адамдардың жаңа қабылданған заңдарға, нормативті акт жобаларына деген жағымды немесе жағымсыз қатынасын білдіреді [1]. Құқықтық логика – адамдардың жалпы өз құқықтарын, яки өз міндеттерін, мүмкіндіктерін заң аясында түсініп, толыққанды санаға сіңіре алу қабілеті. Құқықтық логика аса танымды термин болмағанымен, құқықтық сауаттылықтың дамуына үлкен үлес қосатын сана аспектісі. Құқықтық логика заңгерлерде, заң ғалымдарында дамыған, ал қалған азаматтардың, өкінішке орай көпшілігінде жеткілікті жетілмеген.

Қоғамның құқықтық өміріне жағымды немесе жағымсыз әсерді әділ бағалау, қоғамдағы құқықтық сананың болмысын көрсетеді. Егер өз еліміздің және батыс елдерінің азаматтарының құқықтық сауаттылығы мен оны қалыптастыру санатын қарастыратын болсақ, батыс елдері бұл тұста ұтымды әрекет етуде. Оған себеп жастайынан балаға балабақшада, мектепте және тағы да басқа азаматтық институттарда сауаттылықтың негіздерін бірден қалыптастыру іске асырылуда, кез келген мәселеге адам құқығы тұрғысынан келеді. Ал, біздің посткеңестік елдерде мәселеге мемлекеттік мүдде тұрғысынан қарайды. Мәселен, АҚШ-та заңгерлер саны бізден әлдеқайда көп. Алайда, олар біздегідей прокурор, сот, тергеуші болайын деп емес, «өзім үшін» деген мақсатта үйренеді. Ол жақта адамдардың өздері құқықтарын білуге мүдделі, оған өмірін өзгертетін фактор ретінде қарайды. Оның үстіне бұған құқықтық менталитет те өз әсерін береді. Заңның жағымды әрекетін көріп, түсіне өскен азамат, құқық бұзушылықтар санын азайтып, нигилизм деңгейін төмендетуге мүдделі болады. Құқықтық сана, құқықтық мәдениет және құқықтық менталитеттің өзара тиімді әрекеттесуі жағдайында ғана толыққанды құқықтық санасы жоғары азаматтық тұлғаны қалыптастыруға болады деп есептейміз [2].

Қажетті құқықтық сауаттылық деңгейі адамның жеке жағдайына, кәсібі мен мүдделеріне байланысты өзгеруі мүмкін, бірақ әрбір адам елдің құқықтық өміріне дұрыс қатыса алуы үшін негізгі түсінік барлығына ортақ болуы керек. Құқықтық мәдениет экономикалық және әлеуметтік тұрақтылық секілді неғұрлым стратегиялық басымдылыққа ие бағыттарда көрініс табады. Кеңес зерттеушілерінің атап өткендей, жүйелік тәсілдің сөзсіз артықшылығы бар: ол элементтерді біртұтас жүйеге біріктіре отырып, осының нәтижесінде пайда болатын интегративті қасиеттерді анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл тәсіл элементтерді